

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қарашадағы N 1165 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 544 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерді заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      2 1                      қ а р а ш а д а ғ ы

N                      1 1 6 5                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1 .                      < \* >

*Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.19. N 29 қаулысымен.*

2. "Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүк, қауіпті жүктер тасымалын лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 885 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N                      2 3 ,                      2 0 3 - қ ұ ж а т ) :

14-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисі."

3. "Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 714 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 24, 212-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы тәртіпте:

1) 8-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисі.";

2) мемлекеттік тілдегі мәтінінде 19-тармақтың төртінші абзацындағы "тиіс" деген сөздің алдынан ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисі болуы".

4. <\*>

5 . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 4,5-тармақтар күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен.*